

Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Көліктер»

Тәрбиеші: Сүндетова Жадыра

«Балдәурен» ортаңғы тобы

Өтілетін күні: 18.11.2021ж

2021 ЖЫЛ

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Ұйымдастырылған іс әрекет: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Көліктер»

Өтілетін күні: 18.11.2021ж

Мақсаты: инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгерту және коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Міндеті: әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;

Дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;

Көрнекіліктер: Көлік түрі бейнеленген суреттер, слайд, ойындар

Әдіс—тәсілдері: Сөздік, көрнекілік, ойын.

Балалар, қазір сендермен көлік деген сөздің төңірегінде әңгіме жүргіземіз сұрақтарға жауап беріп, ұйымдастырылған іс-әрекетке белсене қатысамыз.

— Көлік дегеніміз не?

— Ол адамға не үшін қажет?

— Сендер балабақшаға қандай көлік түрлерімен келесіңдер?

Балалар, мына суреттерге қарандаршы. Көліктердің қандай түрлері болады?

Адамдар көліктерді алыс жерлерге қатынас жасау үшін пайдаланады. Көліктердің төрт түрлері бар. Олар:

1. Әуеде ұшатын көліктер:

2. Суда жүзетін көліктер:

3. Жерде жүретін көліктер:

4. Темір жол көліктер:

Ал енді, балалар, осы көліктермен танысайық. Адамдар көліктерді алыс жерлерге қатынас жасау үшін пайдаланады. Ертеде адамдар алыс жерлерге жануарлар арқы және жануарларға жегілген екі дөңгелекті арбамен қатынаған. Кейінірек адамдар машина, автобус сияқты жерде жүретін көліктерді, содан кейін темір жол көлігі пойыз, трамвайды ойлап тапқан.

— Балалар, сендер құс сияқты ұшқыларың келе ме? Міне, адамдар түрлі жолдар ойластырған, ең алдымен әуе шары пайда болды да, кейін моторы бар ұшақтар тік ұшақтарды ойлап тапты.

— Балалар, сендер суда жүзіп көрдіңдер ме?

— Ал қайықпен ше?

— Адамдар ертеде үлкен өзендерден бөренелер арқылы жүзіп өткен. Қайықтар

кемелерді уақыт өте ойластырып тапқан.
Дидактикалық ойын:

«Қай көлік қайда жүреді?»

Ойын шарты: Машина, ұшак, кемелін суреттерін өз орындарына (жер, су, аспан, темір жол) қою. Көліктердің түрлерін ажырата білу.
— Ал, машина туралы тапмақты кім айтады?

Нұрлан:

Ұшағым бар ойыншық,
Ұшырмасам ұшпайды
Айналам деп аспанда
Шаршағанға ұқсайды.

Акерке:

Досым маған ойыншық
Машинасын сыйлады
Бірақ оның ішінде
Саусағыда сыймады

Әбдінұр:

Ойыншығым торғайды
Тракторға мінгіздім
Жер жыртуды үйретіп
Жолсыз айдап үйреттім

Сергіту сәті:

«Ұшты, ұшты»

Ұшты, ұшты — Ұшак ұшты,
Ұшты, ұшты — Машина ұшты,
Ұшты, ұшты — Тік ұшак ұшты,
Ұшты, ұшты — Қайық ұшты,....

Слайд арқылы көрсетіледі.

- Балалар, жедел жәрдем көлігі кімдерге қызмет етеді?
 - Жол полициясы қандай қызмет атқарады?
 - Өрт сөндіретін машина қандай қызмет көрсетеді?
 - Автобус, пойыз, ұшак не үшін керек?
 - Дұрыс айтасыңдар, машина жүргізетін адамды кім деп атауға болады?
 - Пойызды жүргізетін адамды кім деп айтамыз?
 - Ұшакты кім басқарады?
- Жарайсыңдар балалар.

Диалог: «Артығын тап».

- Суреттер салынған плакттан көліктерге қатысы жоқ заттарды белгілеу.
 - Қандай көлік түрлерімен таныстық?
 - Көліктің маңызы қандай?
- Сонымен балалар біз көп нәрселермен таныстық.

Күтілетін нәтиже:

Білу: көлік және көлік түрлерін ажыратуды, негізгі жолда жүру ережелерін бі керек. Қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді:

Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады;

Түпкелері: Ақыл